

# Қазақстан Республикасындағы қызметкерлердің саны және жалақысы

Жариялау күні: 11.11.2024

Келесі жариялау күні: 10.02.2025

## [1. Негізгі сәттер](#)

## [2. Жалақы динамикасы](#)

## [3. Кәсіпорындардағы бос жұмыс орны және жұмыс күшінің қозғалысы](#)

## [4. Глоссарий](#)

## [5. Әдіснамалық түсініктемелер](#)

## [6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер](#)

## [7. Пайдалы сілтемелер](#)

### 1. Негізгі сәттер

2024 жылғы III тоқсанда Қазақстан Республикасы бойынша айлық жалақының орташа мәні 2023 жылғы тиісті тоқсанға қарағанда 11,3%-ға өсіп, 390328 теңгені құрады.

Қазақстан Республикасындағы жалақының медианалық мәні бағалау бойынша 2024 жылдың III тоқсанында 269378 теңгені құрады.


2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы 85000 теңге мөлшерінде белгіленді.

### 2. Жалақы динамикасы

2023 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда айлық жалақысының орташа мәні 11,3%-ға өсті, нақты жалақы индексі 102,7% құрады.

Өткен тоқсанымен салыстырғанда айлық жалақысының орташа мәні 3,2%-ға төмендеді, нақты жалақы индексі 95,3% құрады.

Қазақстан Республикасындағы тоқсандар бойынша атаулы және нақты жалақы индексі




Қазақстан Республикасындағы жалақы

	Айлық жалақының орташа мәні		Нақты жалақы индексі, пайызбен		Айлық жалақының медианалық мәні (бағалау), теңге
	теңге	өткен тоқсанға	өткен жылғы тиісті тоқсанға	өткен тоқсанға	
<b>2023</b>					
I тоқсан	340556	100,5	119,3	97,1	235 028
II тоқсан	365502	107,3	117,1	104,7	252 244
III тоқсан	350542	95,9	116,9	94,3	241 920
IV тоқсан	393605	112,3	116,2	109,9	271 639
<b>2024</b>					
I тоқсан	382279	97,1	112,3	94,6	263 823
II тоқсан	403251	105,5	110,3	103,7	278 296
III тоқсан	390328	96,8	111,3	95,3	269 378

Өңірлік бөліністе 2023 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда 2024 жылдың III тоқсанында орташа айлық атаулы жалақының ең көп өсуі Шымкент қаласында – 16,1%-ға, Алматы қаласында – 15,2%-ға, Абай және Ақтөбе облыстарында – 14,2%-ға, Қостанай облысында – 14,0%-ды құрады.

### 2024 жылғы III тоқсандағы өңірлер бойынша қызметкерлердің айлық жалақысының орташа мәні



2023 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда орташа айлық жалақының ең жоғары өсуі ақпарат және байланыста – 28,1 есе, қаржы және сақтандыру қызметі – 24,3%-ға, жылжымайтын мүлікпен операциялар – 18,7%-ға, өнер, ойын-сауық және демалыс – 18,0%-ға, салаларында байқалды. Өнеркәсіпте орташа айлық жалақы – 13,8%-ға өсті, оның ішінде электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау саласында – 20,6%-ға, сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет саласында – 18,3%-ға.

2023 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда орташа айлық жалақының ең төменгі өсуі, мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру – 5,9%-ға, құрылыс – 5,3%-ға салаларында байқалды.

Салалық құрылымда ең жоғары атаулы жалақы тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда – 2,2 есе, қаржы және сақтандыру қызметі – 2,1 есе, кәсіби, ғылыми және техникалық қызметінде – тиісінше 1,5 есе, көлік және жинақтауда – 1,4 есе жоғары болып тіркелді.

### 2024 жылғы III тоқсандағы экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа айлық жалақы\*

	Орташа айлық атаулы жалақысы			Нақты жалақы индексі, пайызбен	
	теңге	пайызбен		өткен тоқсанға	2023 жылғы тиісті тоқсанға
		өткен тоқсанға	2023 жылғы тиісті тоқсанға		
Экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша	390 328	96,8	111,3	95,3	102,7
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	283 801	112,9	119,9	111,1	110,6
Өнеркәсіп	560 826	105,1	113,8	103,4	105,0
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	854 142	107,1	112,9	105,4	104,2
Өңдеу өнеркәсібі	471 222	103,4	113,6	101,8	104,8
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	393 270	103,6	120,6	102,0	111,3
Сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	282 964	104,8	118,3	103,1	109,1
Құрылыс	509 788	103,2	105,3	101,6	97,1
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	360 192	103,9	113,4	102,3	104,6
Көлік және жинақтау	531 960	104,5	112,2	102,9	103,5
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	332 998	104,8	109,6	103,1	101,1
Ақпарат және байланыс	673 345	101,8	128,1	100,2	118,2
Қаржы және сақтандыру қызметі	831 462	94,6	124,3	93,1	114,7
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	298 822	101,3	118,7	99,7	109,5
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	593 349	107,9	116,1	106,2	107,1
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	359 375	103,1	99,2	101,5	91,5
Мемлекеттік басқару және	317 275	100,2	105,9	98,6	97,7

қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру					
Білім беру	271 982	78,5	109,9	77,3	101,4
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	312 986	99,3	108,0	97,7	99,6
Өнер, ойын-сауық және демалыс	267 218	102,4	118,0	100,8	108,9
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	330 938	100,1	112,8	98,5	104,1

\* Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды есепке алмағанда.

## **Электрондық кестелер:**

[Қазақстан Республикасындағы қызметкерлердің саны және жалақысы](#)

## **Динамикалық кестелер:**

[Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша орташа айлық жалақы](#)

[Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша атаулы жалақы индексі](#)

[Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша нақты жалақы индексі](#)

[Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа айлық жалақы](#)

[Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша атаулы жалақы индексі](#)

[Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша нақты жалақы индексі](#)

[Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақы айлар, тоқсандар бойынша](#)

[Қазақстан Республикасындағы атаулы жалақы индексі айлар, тоқсандар бойынша](#)

[Қазақстан Республикасындағы нақты жалақы индексі айлар, тоқсандар бойынша](#)

## **3. Кәсіпорындардағы бос жұмыс орны және жұмыс күшінің қозғалысы**

2024 жылдың III тоқсанының соңында кәсіпорындар мен ұйымдардағы бос жұмыс орындарының (талап етілетін қызметкерлердің) саны 58 652 бірлікті құрады және өткен тоқсанымен салыстырғанда 2806 бірлікке төмендеді. Оның ішінде салалық құрылымда 31,1% өнеркәсіптегі бос орындарды құрайды, 17,0% – мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандырудағы және 12,2% – көлік және жинақтаудағы бос орындар.

Өңірлер арасында бос орындар саны бойынша Алматы қаласы – 10971 бірлік, Астана қаласы – 8185 бірлік, сондай-ақ Павлодар облысы – 4778 бірлік және Атырау облысы – 4518 бірлік көшбасшы болып табылады.

## **Электрондық кестелер:**

[Қазақстан Республикасының кәсіпорындарындағы жұмыс күшінің болуы және қозғалысы](#)

## **4. Глоссарий**

Жалақы – бұл экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың, атап айтқанда жалдану бойынша жұмыс істейтін адамдар табысының едәуір бөлігінің басты нысаны болып табылады. Жалақы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына қарай еңбек үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер.

ХЕҰ стандарттарына сәйкес еңбекақының негізгі төрт тобын бөліп көрсетеді:

- 1) тарифтік мөлшерлеме мен лауазымдық айлықақылар бойынша есептелген жалақы;
- 2) біржолғы төлемдер мен сыйлықақылар;
- 3) жұмыс режимі мен еңбек жағдайларына байланысты өтемақы төлемдері;
- 4) Жұмыс өтелмеген уақытқа ақы төлеу.

Орташа айлық атаулы жалақысы есептелген жалақы қорының сомасын қызметкерлердің нақты санына және есепті кезеңдегі айлар санына бөлу арқылы анықталады.

Атаулы жалақы индексі – есепті кезеңде базистік кезеңмен салыстырғанда жалақының өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

Нақты жалақы индексі – есепті кезеңдегі бағаның өзгеруін ескере отырып базистік кезеңмен салыстырғанда атаулы жалақының өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш. Атаулы жалақы индексі тауарлар мен қызметтердің тұтынушылық бағасының индексіне бөлу жолымен анықталады. Екі индекс те бір және сол уақыт кезеңіне жатады.

Медиандық жалақы – есептелген жалақы мөлшері бойынша қызметкерлер санын бөлу қатарының ортасында тұрған және оны тең екі бөлікке бөлетін төмен және жоғары медиандық жалақымен жалақы мөлшері.

## **5. Әдіснамалық түсініктемелер**

Тиесілігіне және меншік нысанына қарамастан, қызметкерлердің саны 100 адамнан асатын, сондай-ақ «Шағын кәсіпорын қызметі туралы» (индексі 2-МП) статистикалық нысан бойынша есеп

беретіндерден басқа, саны 100 адамға дейін экономикалық қызметтің барлық түрлерінің заңды тұлғалары мен олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері еңбекақы статистикасы бойынша мемлекеттік статистикалық байқаулардың объектілері болып табылады.

Орташа айлық жалақыны, жалақы қорының құрамын, жұмыс берушінің жұмыс күшіне жұмсаған шығындарын мемлекеттік статистикалық байқаулар үздіксіз әдіспен жүргізледі.

Орташа айлық жалақы туралы деректердің көзі "Еңбек бойынша есеп"(индексі 1-Т, кезеңділігі тоқсандық, жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқау болып табылады. Осы статистикалық байқау бойынша барлық ірі, орта және шағын кәсіпорындар (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды есепке алмағанда) тексеруге жатады.

## **6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер**

[Қазақстан Республикасындағы қызметкерлердің саны мен жалақысы](#)

[Қазақстан Республикасының кәсіпорындарындағы жұмыс күшінің болуы және қозғалысы](#)

## **7. Пайдалы сілтемелер**

["Еңбек бойынша есеп" 1-Т статистикалық нысаны \(кезеңділігі тоқсандық\)](#)

[Орташа айлық атаулы жалақы / "Талдау" Ақпараттық-аналитикалық жүйесі](#)

<b>Шығаруға жауапты:</b> Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаменті	<b>Департамент директоры:</b> Н. Белоносова Тел. +7 7172 749022	<b>Орындаушы:</b> А.Азнабаева Тел. +7 7172 749554 E-mail: ai.aznabaeva@aspire.gov.kz	<b>Мекенжай:</b> 010000, г. Астана Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министерліктер Үйі, 4 кіреберіс
---	---	---	--